

«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі» ММ



***Жобаның тақырыбы: ШЖМ білім сапасын көтеру  
мақсатындағы №4 жалпы білім беретін мектебі  
ресурстық орталығының жұмыс жүйесі***

**Мектеп директорының орынбасары (эдвайзер):  
Утебаева Жамила Амировна**

**Арқалық қаласы, 2020 ж**

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының білім беру саласында барлық деңгейде сапалы білім алуға кең қол жетімділікті қамтамасыз ететін ұлттық модельді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалуда. Ең маңыздысы - мазмұнын, басқару және ресурстық аспектілерді жаңғырту негізінде ШЖМ-ды дамыту.

Мәселені нақты қоятын болсақ-шағын жинақты мектептердің кадрлық потенциалы, ақпараттандырылуы, материалдық-техникалық базасы нығайтыла отырып, қала мен ауыл баласының білім сапасындағы айырмашылықтарды жоюға тырысуымыз керек.

Шешу жолдарын қарастырсақ- ауылдық жердегі мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру және жаңа білім беру мазмұнына өтуге дайындық ретінде бейіндік оқытуды енгізу мәселелерін шешудің бір жолы ретінде ресурстық орталықтар ұйымдастыруды қолға алынып, дұрыс жолға қою.

Қазақстан Республикасында шағын жинақты мектептерді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында осы мәселелердің барлығы да көрсетіліп, күтілетін нәтижелердің ішінде тірек мектебі-ресурстық орталық мектеп қызметі туралы ереже қабылданады деп көрсетілген. Осы мақсат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы «17» қыркүйек № 375 бұйрығында оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары белгіленіп, ресурстық орталықтың жұмыс ережесі бекітілді.

12 жылдық білім беруге көшу жағдайында тірек мектептердің (ресурстық орталықтардың) қызметін жетілдіру және ондағы бейінді оқыту жүйесін ұйымдастыру мен дамытудың өзектілігі:

- мектептердің 12 жылдық білім беру үлгісіне көшуі;
- қосымша білім беру; - болашақ мамандығына сәйкес білім алу бағытын таңдау;
- шетелдік тәжірибедегі жоғарғы сыныптағылардың оқуын ұйымдастыру тенденциялары;
- еңбек нарығының мектеп түлектерінің дайындығына қоятын талабы.

Бейінді оқыту оқушылардың өздігінен іздену және таным әрекеттері үлесінің айтарлықтай ұлғаюымен де ерекшеленеді, яғни оқыту бағытын таңдағанда саралаудың ішкі және сыртқы түрлерін есепке алу тиімді болады. Оқушының болашақ жоғары оқу орнына түсуіне және жоғары кәсіптік білім алуына септігін тигізетін білім алу бағытын таңдау туралы саналы шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру бейіналды даярлаудың негізгі міндетіне жатады. Яғни, бейіналды даярлық арқылы оқушылар өмірлік маңызды таңдауды да дұрыс жасай алады.

**Әдістемелік негіздегі ресурстық орталықтың мақсаты:** ШЖМ-терде оқушыларға сапалы білім беру мен тәрбиелеу, мұғалімдердің педагогикалық шеберліктерін шыңдауда әдістемелік-тәжірибелік көмектер ұйымдастырып, қазіргі білім берудің мақсатына сай бәсекеге қабілетті, іскер жеке тұлға қалыптастыру.

**Міндеттер:** - ШЖМ-тердің оқу-тәрбие жұмысын белсендіре, үйлестіру;

- РО-қа қарасты ШЖМ-дің оқу-тәрбие жұмыстарына жан-жақты талдау;
- білім сапасын арттыруда оқушы құзыреттілігін дамыту;
- білім сапасын арттыруда оқу-әдістемелік құралдарды жетілдіру;
- пед. кадрлар біліктілігін арттыруда семинар-тренингтер т.б. ұйымдастыру;
- қолданбалы және таңдау курстарының бағдарламаларын дайындау;
- педагогикалық технологиялардың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеру, пайдалану;
- оқушы шығармашылығын дамыту, интеллектуалды шараларға тарту;
- РО және ШЖМ-тер үшін әдістемелік басылым, тест жинақтарын әзірлеу;
- материалдық-техникалық базаны нығайту, қаржыландыру көздерін табу.

РО-тың мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда, тынымсыз еңбек етіп жүрген ұстаздардың жоғары білімдісі -76 , арнаулы орта -2 , жоғары санатты -14 , бірінші санатты -22 , екінші санатты -18 , санатсызы - 24

РО-тың даму жоспарына сәйкес ай сайын мектебімізде магниттік мектептер үшін әдістемелік күн белгіленіп, түрлі тақырыптардағы оқу-семинары, тренинг, дөңгелек үстел, панорамалық сабақ түрлерін талдау т.б. өткізіліп, зерделенді. Сонымен қатар ай сайын ШЖМ-дің өз базасында әдістемелік күндерді белгілеп, оқушы білімінің сапасын арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылып, әдістемелік күннің соңғы семинарында қорытындыланып отырды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында 2015-2016 оқу жылында №4 жалпы орта білім беретін мектебі Арқалық қаласының әкімінің №326 бұйрық негізінде Ресурстық орталық жобасы бойынша, белгілі бір материалдық-техникалық базасы бар, педагогикалық және қаржылық жағынан тиімді болып табылатын ресурстық орталық болып №4 жалпы білім беретін мектебі тағайындалды, жақын маңдағы бұрын әдістемелік көмек беріліп келген төрт магниттік мектептер тартылды. Тірек мектептің құрамына Қайынды, Қараторғай, Сарыөзен, Б. Майлин атындағы негізгі, магниттік мектептер кірді. РО пен ШЖМ-тер арасындағы оқу-тәрбие үрдісінің жұмыстарын жүйелі ұйымдастырып жүргізу үшін Үйлестіру кеңесі құрылды. Орталық педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіліп, жүктеме сағаттары белгіленді. Оқу жылының басынан бері РО-тың тағайындаушы және оқу сессиялары өткізіліп, қазір ШЖМ-дің оқушылары сессияаралық кезеңінің тапсырмаларын орындауда. Мектебімізде құрылып, жұмыс жасап оң нәтиже беріп отырған РО білім беру үрдісіндегі желіні дамытуға негіз болып келеді. Педагогикалық оқуға ұсынылып отырған жұмыстың мазмұны - ресурстық орталығының білім беру іс-әрекетін ұйымдастыруы бойынша, практикалық тәжірибе негізінде осы сияқты білім беру мекемелері басшыларының жеке басқару механизмдерін жетілдіруде, тәжірибе алмасуға бағытталған.

Ресурстық орталық негізінде ауыл мектептерінің оқушыларын оқыту — оқушының қызығушылығын, қажеттілігі мен мүмкіндігін кеңірек ескеруге, оқыту деңгейі бойынша оқу материалын ұтымды бөлуге, жеке оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге қазір «Жалпыға білім беру» моделінен «әр балаға білім беру» моделіне көшуге негізделген. Қалыптасқан жағдайдан шығудың бір шешімі ретінде Ресурстық орталық жағдайында базалық пәндер сақталып, әр түрлі деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламалары арқылы сонымен бірге бейіндік пәндер мен кіріктірілген курстар оқытудың проблемалығы мен көп деңгейлігіне негізделе отырып, оқушының өзіндік жетілуі және бейімделуіне мүмкіндік тудыратын біртекті оқу жоспары құрылды.

### **Кейкі батыр атындағы №4 тірек мектебінің (РО) ресурстық жағынан қамтамасыз етілуі.**

Тірек мектебін (РО) құру және қалыптастыруда, алдымен оның қызметін **құқықтық-нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілуі тиіс.** №4 жалпы білім беретін тірек мектебінің ашылуы мен жұмыс жасауына қажетті құжаттарды әзірлеу біліктілігін дамыту мақсатында төмендегі мына ұйымдастыру жұмыстары жүзеге асырылды:

- білім беру мекемесінің құрылымына талдау;
- тірек мектебіне анықтама беру;
- мектеп жарғысына толықтырулар енгізу;
- үйлестіру кеңесінің жұмысын жоспарлау;
- тірек мектебі жұмысының даму жоспарын жасау;
- бірыңғай оқу жоспарын әзірлеу;
- бірыңғай оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау.
- серіктестік ұжымдармен келісім шартқа отыру;

Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін тірек мектебінде (РО) қызмет ететін мұғалімдердің тарификациясының ерекшеліктерін меңгере отырып,

РО жұмысына қажетті штаттық кестесін құру біліктілігін дамыту мақсатында білім беру үрдісі мамандармен қамтамасыз етілді.

Тірек мектебінің (РО) қызметі жалпы білім беретін мектепке тән емес қосымша қызметтерді жүзеге асырады:

**-оқу-тәрбие үрдісін (ОТҮ) ұйымдастыру менеджері** - РО білім беру үрдісін ұйымдастыру мәселелері бойынша директордың орынбасары (эдвайзер);

- **тьютор** - курс материалын жақсы білетін, пәннің, оқу материалының мағынасын, құндылығын және кәсіби маңыздылығын аша білетін ШЖМ мұғалімі;

- **үйлестіруші мұғалім** - нақты пәнді жүргізуге құқық беретін дипломы бар, тірек мектебінің пән мұғалімі. Арнайы білімі бар ШЖМ мұғалімі де «үйлестіруші-мұғалім» бола алады. Сонымен қатар орталықта оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына орай әдістемелік, тәрбиелік, психологиялық жұмыстардың үйлестірушілерімен қоса, мектеп дәрігері өз қызметтерін РО-тың Үйлестіруші кеңесінің әзірлеген біртұтас оқу жоспары негізінде жүзеге асырады. Педагогикалық қызметкерлердің оқу жүктемесінің көлемі тірек мектебінің (РО) оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары бойынша сағат санына байланысты бекітіледі.

Тірек мектебін (РО) әлеуметтік әріптестік негізде басқару жүйесін моделдей білу дағдысын дамыту мақсатында №4 ресурстық орталығы корпоративтік басқару негізінде жұмыс жасап келеді. Ол әлеуметтік әріптестіктің орталықтағы мүмкіндігін кеңейтіп, оқушыларға бейінді оқытуды, сол сияқты қосымша білім беру жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

**Басқару жүйесінің басты мақсаты** - педагог кадрлардың және орталықтың әлеуетін тиімді пайдалану және дамыту арқылы білім беру сапасының артуын қамтамасыз ететін жағымды жағдай туғызу. Әлеуметтік әріптестік - бұл әртүрлі әлеуметтік топтар мен институттардың білім беру саласындағы күрделі мәселелерді шешуге бағытталған біріккен корпоративтік іс-әрекеті, іс-қимылы. Әлеуметтік әріптестіктің механизмдері: ұжымдық келісім-шарт және контракттар, әріптестік келіссөздер.

Мектептің, отбасының және ортаның өзара үйлесімді әрекет етуі ресурстық орталықтарды дамытудың міндетті шарты болып табылады. Педагогтар әр түрлі институттармен, отбасылармен, басқа білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарымен, мәдени орталықтармен, тәртіп сақтау ұйымдарымен, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдармен т.б. әлеуметтік әріптестікке болуға бастамшылық танытып, оған белсенді қатысады. Әріптестік қарым-қатынас негізінде

оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері ғана емес, сонымен бірге жергілікті деңгейде білім беру, мәдени және әлеуметтік қызмет көрсету мәселелері де шешімін табады. Атап айтсақ, №4 жалпы білім беретін ресурстық орталығы 2019-2020 оқу жылында қала мұражаймен және «Жас Ұлан» балалар қоғамдық бірлестігімен серіктестік келісімшарттар арқылы жұмыстар жүргізді.

Әріптестік қарым-қатынас негізінде құрылған өзара іс - қимыл төмендегідей маңызды мүмкіндіктер береді:

- қауымдастықтың инфрақұрылымын дамыту үшін алғышарттар жасақтау, бұл ауылдық жер үшін өте маңызды;

- тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін ұйымдастыру, іс-әрекетін жоспарлау және басқару үшін жергілікті қауымдастық мүшелерінің азаматтық бастамасын дамыту;

- РО мектептерін материалдық қолдау үшін бюджеттен тыс қосымша қаражатты және басқа да ресурстарды (қайырымдылық, демеушілік көмектер) тарту;

- тірек мектебі (РО) ұжымының кәсіби мүмкіндігін маңдағы қауымдастықтың мәдени дамуына пайдалану;

- РО-ның мәдени және спорттық-сауықтыру іс-әрекетін ұйымдастыру үшін мектеп ресурсын (құрал-жабдықтар, бөлмелер, жер телімдері) ұтымды пайдалану.

РО-ты Үйлестіру Кеңесі басқарады, оның құрамына мектеп басшылары, облыстық және қалалық білім беру бөлімдері, әлеуметтік әріптестер өкілдері енеді. Тірек мектебінің директоры Ережеге сәйкес тірек мектебіндегі (РО) білім беру үдерісін тікелей басқаруды жүзеге асырады. Тірек мектебінде директордың РО жұмысын ұйымдастыратын орынбасардың штаттық бірлігі қаралған.

Тірек мектебі (РО) қалыпты жұмыс жасауына қажетті материалдық-техникалық және қаржылық ресурстарды жоспарлау біліктілігін дамыту мақсатында орталықты қаржыландыру ерекше қиындықтарға толы, күрделі жұмыс. Бұл мәселені шешу үшін алдын-ала орындалуы қажет жұмыстарды анықтап алу керек:

- сессия кезінде тьютор-мұғалімдер мен балаларды әрі-бері тасымалдау, жататын орын мен тамақтану мәселелерін шешу;

- сессия аралық кезеңде оқушылар мен жеке жұмыс ұйымдастыру үшін оқу-әдістемелік кешен әзірлеу (жұмыс дәптер, электронды оқулық, формат т.б.);

- РО-ға қатысты мектептердің материалдық-техникалық базасын толықтыру;

- қашықтықтан оқыту үшін жағдай жасау;
- штаттық кестеге қосымша бірліктер енгізу (эдвайзер, тьютор, т.б.);
- қосымша оқу жабдықтарын сатып алу (интерактивті тақта, мультимедиалық кабинеттер, лингафон т.б.).

Қосымша қаржыландыру тірек мектептерінің (РО) құрамына кіретін білім беру ұйымдарының стандартты шығындары бойынша есептеледі. Жергілікті бюджет қаржыландыру жоспарына тірек мектеп (РО) қызметі үшін қаржы қаралуы тиіс. Ол болмаған жағдайда РО-ның оқу жылындағы шығындар сметасымен жергілікті маслихатқа жүгінуі тиіс.

#### Тірек мектебін (РО) ашу шығын сметасы.

№	Шығын атауы	Жалпы соммасы	Қаржыландыру көзі
1.	Балаларды алып келу, жатын орынмен қамтамасыз ету, тамақтандыруға қатысты шығындар	85000	Білім бөлімі, мектеп ұжымы, демеуші- кәсіпкерлер
1.1	Жол шығыны (көлік шығын)	45000	
1.2	Жатын орын (орташа есеппен)	50000	
1.3	Тамақтандыру (орташа есеппен)	35000	
2	Сыныптан тыс және сабақтан тыс шараларды ұйымдастыруды шығын материалдарымен қамтамасыз ету	15000	
Барлығы :		230000	

#### II. Тірек мектебіндегі (РО) білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері.

«Тірек мектебіндегі (РО) білім беру үдерісі - бірыңғай оқу жоспарының негізінде жүзеге асырылады және үш сессияны (тағайындаушы, оқу, қорытынды), сессияаралық кезеңді қамтиды. Сессиялар кезеңінде тасымалданған оқушыларға

оқу шеберханалары мен зертханаларында теориялық-практикалық оқу іс-әрекеті ұйымдастырылады. Сессияаралық кезеңде ШЖМ-терде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті тірек мектебі пән мұғалімдерінің қашықтықтан қолдауымен жүргізіледі.

Оқушылар тірек мектебіндегі (бұдан әрі - ТМ) сессияға жылына үш рет келіп, негізгі базалық пәндер бойынша оқу үрдісінде қиындық туғызатын мәселелерді игеруге құнды әдістемелік көмек алады, бейін аясында практикалық дағды меңгереді, дәрігерлік-психологиялық тексерістен өтеді, осы арқылы жалпы ақпараттық-мәдени ортасы кеңейе түседі. Сессияға келген оқушылардың жатақханаға орналасуына жағдай жасалып, төрт мезгіл тамақтанады. Олар үшін спорттық-сауықтыру, көркемдік-эстетикалық және мәдени, зияткерлік сипаттағы дамытушы сабақтар ұйымдастырылады.

Оқу жылының басында (қыркүйек) **тағайындаушы сессия** - ТМ-нің базасында өткізіледі. Ол ТМ (РО) бірлескен отырысында әзірленген оқу үдерісінің кестесіне сәйкес ұйымдастырылады. Мектептегі тағайындаушы сессияға дейін «кіру» тестісі өткізіледі. Оның көмегімен оқушылардың пән бойынша білім мен бейімділігінің деңгейін анықтауға болады. Сессия кезінде «кіру» тестісінің нәтижелері ескеріліп, сессия жұмысы оқушы біліміндегі жетіспеушілікті толықтыруға бағытталады. Оқу үдерісі модульдық негізде құрылады, өйткені белгілі бір модульды өткеннен кейін оқу материалының игерілуі диагностикасын анықтауға мүмкіндік болады. Нәтижесінде оқушылардың қиындықтарының аймақтары анықталып, соның негізінде тьюторлар сессияаралық кезең жұмыстарын ұйымдастырады.

Оқу жылының қаңтар айында өткізілетін **оқу сессиясы** - оқушылардың оқып-үйренетін пәндердің практикалық бағытталуын тереңдетуді көздейді. Оқушыларға ұжымдық, топтық және жеке жеке жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

Оқу сабақтарын ТМ мұғалімдері, кейде келісілген жағдайда магниттік мектептердің мұғалімдері де өткізеді. Химия, физика, биология пәндерінен зертханалық және практикалық, математикадан практикумдар, ал қоғамдық бағыттағы пәндерден тренингтер, жобалаушы іс-әрекеттер қолданылатын кіріктірілген сабақтар, таңдау курстары өткізіледі. Осы сессия нәтижелері бойынша білімділік деңгейі де анықталады, сессияаралық кезеңде оқу қиындықтарын болдырмауға қатысты кеңестер, жеке ұсыныстар беріледі.

Оқу жылының аяғында (сәуір) **қорытынды сессия** кезінде оқытуды жүзеге асырудың қорытындысы шығарылады, базалық пәндер мен таңдамалы курстар бойынша түйінді мәселелер айқындалады. Жекеленген пәндер бойынша

сессияаралық кезеңде дайындаған ғылыми жобаларын қорғайды. ҰБТ мен ОЖСБ дайындық деңгейін алдын ала бағалау жүргізіліп, олардың өткізілу үдерісімен таныстырылады.

Әрбір сессияның құрамды бөлімі ретінде тәрбие жұмысына зор көңіл бөлінеді. Спорттық, көркемөнер, эстетикалық, танымдық сабақтар негізінде түстен кейін өткізіледі. Оқушы шығармашылығын дамытуда зертхана, шеберханалар жұмыс істеп, өнімді шығармашылық іс-әрекеттері зерттеу мен жобалау жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерге басымдылық беріледі.

Сессияаралық мерзімде ТМ (РО) ақпараттық білім беру ортасын құрудың маңызы зор. Өз тәжірибемізге сүйенсек, №4 РО-да қашықтықтан оқыту негізінен қағазға басылған мәтін тапсырмалармен іске асырылуда, яғни ШЖМ оқушыларына алдын-ала әзірленген дидактикалық материалдармен оқытылуда. Оқушылардың бейінді пәндер, қолданбалы және таңдау курстары бойынша білім алуы, үйлестіруші-мұғалімнің жетекшілігімен және тьютор мұғалім көмегімен жүзеге асырылады.

Дегенмен білім беру үрдісінің сапасын арттыруда электрондық оқытуды қолданудың маңызы зор. Электрондық оқыту мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты әпсәтте өзгертіп, оқушының оқу материалын «онлайн» режимінде өздігінен белсенді игеруге бағыттайды. Ал физика, химия, биология пәндерінен виртуальді зертханалардың болуы, осы пәндерді меңгеруге қажетті оқу-құралдарының тапшылығын сездірмесі анық. Материалдық-техникалық базаның талапқа сай болуы ТМ-нің оқу-әдістемелік ақпараттық орталығынан қажетті құндылықтарды алуға мүмкіндік береді.

ТМ (РО) базасындағы **бейіналды дайындық** мына шараларды қамтиды:

- мамандық таңдауда оқушыларға кеңес беру;
- оқушылардың қызығушылықтары бойынша қалаған мамандықтарына психологиялық және тұлға типіндегі диагностика;
- «Мен - мамандық әлемінде» іскерлік ойын;
- әр пәнді оқып үйренудегі оқушы үлгерімінің мониторингі;
- оқушы қалауына қарай жеке кеңестер.

ТМ (РО) базасында бейіндік оқыту шеңберінде ШЖМ оқушылары оқу жоспарының вариативтік бөлімін меңгереді. Жеке сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған қолданбалы және таңдау курстары ұсынылады.

Қазіргі таңда педагогикалық мақсат – жас ұрпақтың алдына қойылған міндеттерді өз бетінше шеше алу қабілеттілігі болып табылатын «құзыреттілік тәсіл» жүзеге асырылады. Сондықтан РО-та оқушыларға пәндік және әлеуметтік жұмыстар, эксперименттік-зерттеу, жобалаушылық іс-әрекеттері, іскерлік және ұйымдастырушылық ойындар, сонымен қатар кеңестер мен портфолио бойынша өзіндік жұмыстар, мәтін жазу т.б. ұсынылады. Жобалау-зерттеу іс-әрекеті қолданбалы және таңдамалы курстар негізінде кезең-кезеңімен ұйымдастырылады.

ТМ (РО) жағдайында мына педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылады:

1. Оқу-әдістемелік жұмыстың үш өлшемді технологиясы. Игеру деңгейі (В.Беспалько, Ж.Қараев бойынша) 4 түрге бөлінеді: оқушылық, алгоритмдік, эвристикалық және шығармашылық.
2. Дидактикалық бірліктерді ірілендіру (ДБІ). Қолданудағы нәтижесі - білімнің сабақтасып өздігімен дамуы.
3. Оқытудың ұжымдық әдісі: ауыспалы құрамдағы жұптық жұмыс, мұнда әркім басқаны оқытады, басқадан үйренеді.
4. Оқу мен жазу арқылы СТО-ды дамыту. Оқушыға білімді өздігінен алуға, ойлауға, салыстырып талдауға және өз таңдауын жасауға ерік береді.

Мұғалім өзінің педагогикалық сабақ беру шеберлігінде көбірек сәйкес келетін технология мен әдіс-тәсілдерді таңдауға құқылы.

### **III. Кейкі батыр атындағы №4 ресурстық орталығының жұмысын ұйымдастыруды басқару.**

Мұғалімнің кәсіби өсуі - күнделікті педагогикалық жұмыс барысында жүзеге асатындықтан мектептегі оқушылардың білім сапасын көтеру, мұғалімдердің біліктілігін, қызығушылығын, ұжымның бірлігін ұйымдастыра білу – басшының үлкен жоспарлы еңбегін қажет етеді.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мектебіміздің базасында 2015 жылы құрылғаннан бері №4 ресурстық орталығы - өзіне қарасты магниттік Б. Майлин атындағы, Қараторғай, Сарыөзен және Қайынды орта мектептерінің дамуына ерекше назар аударып келеді.

- әрбір оқушыға сапалы орта білім алудың бірдей мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту және әлеуметтендіру, кәсіптендіру жүйесін жасау. Осы мектептердің құрамындағы оқушылар санының аздығы, заттық-техникалық базаның әлсіздігі - тұлғалық- бағдарланған әдісті ескеретін және сапалы білім беруді қамтамасыз ететін бағдарлап оқытудың алғашқы дайындығын және кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан тірек мектебі (РО) негізінде ұйымдастырудың міндеттерін орындау үшін ресурстық орталық пен магниттік мектептердің күштері біріктірілді.

РО мен ШЖМ-дің білім беру жұмыстарын ұйымдастыруға арналған сессиялық және сессияаралық қажетті құжаттарды дайындалып жинақталды:

- үйлестірушінің, педагог-тьютордың және педагог-эдвайзердің функционалдық міндеттері;
- тірек мектебі (РО) және ШЖМ-нің құжатнамалық үлгілік тізімі;
- оқу бағдарламасы бойынша оқушылардың меңгеруіне күрделі тақырыптардың тізімдері, оны қашықтықтан кеңес беру сабақтарында пайдалану;
- тірек мектебі (РО) білім беру кешені туралы үлгілік қағидалар мен оның қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар;
- РО-қа қарасты магниттік мектептердің картасы мен маршруты;
- тірек мектебінің (РО) әдістемелік кеңесін құру, жұмыс жоспарын бекіту.

Ресурстық орталықты ашу кезінде оған қарасты мектептер басшыларының бірлескен жұмыс сипаты іске асырылды. Сессияларды өткізу барысында көптеген нәрсе есепке алынғанымен, ондағы кемшіліктердің анықталатынын көрсетті:

- РО қызметіндегі қаражаттық механизмдердің толық реттелмеуі;
- сессия кезінде РО және ШЖМ-дердегі мұғалімдердің еңбек ақысын төлеу жүйесінің толық шешілмеуі;
- РО-тың интернетке шығу мүмкіндігінің ауылда шектеулі болуы;

РО-қа арналған интеграцияланған оқу бағдарламасының болмауы.

Білім беруде РО-ты сапалы басқару үшін бірлесу принципі негізінде және әлеуметтік серіктерден құралатын, бірыңғай білім беру кеңістігіне кіретін Үйлестіру кеңесінің маңызы зор. Ол магниттік мектептер туралы сынып саны, оқушы саны, мұғалім саны, мұғалімдердің сапалық құрамы, білім сапасы, үлгерім, біріккен сынып, бірнеше пәнді қатар оқытатын мұғалім саны, пән бірлестіктері, шығармашылық топ, МАД және ШО туралы мәліметтер жинақтап, зерделеді.

Ресурстық орталықтағы әдістемелік жұмыс - кіші әдістемелік кеңесті құру жұмысымен басталды. Оны РО директорының орынбасары (эдвайзер) басқарып, жүргізеді. Құрамына ШЖМ директорлары, РО мен ШЖМ мұғалімдері (үйлестіруші-мұғалім), тьютор және мектеп психологтары енді. Кеңес құрамы РО директорының бұйрығымен бекітілді.

Кіші әдістемелік кеңестің атқарған міндеттеріне :

- РО дамыту бағдарламасын құру, жүзеге асыру, білім беру үдерісін бақылау,
- зерттеу, зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- бейіндік оқытуды жүзеге асыру;
- кадрлар біліктілігін арттыру.

Пән бірлестіктерінде координаторлар мен ШЖМ мұғалімдері:

- оқу жоспарының білім беру бағдарламасын құрады және жүзеге асырады;
- кіріктірілген білім беру кешенін ұйымдастырады.

Шығармашылық топ - әр оқушының алған біліміне байланысты әр оқушыға арнап диаграмма, өсу динамикасын құрайды.

Психологиялық орталықтың міндеті :

- ШЖМ-дің оқушыларының жаңа ортаға психологиялық бейімделуін;
- ұжымдық жұмыс дәстүрін үйретуге;
- топтағы жұмысты таңдауға;
- білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі және өзін-өзі анықтау үрдісінің жүйелі жүруін қадағалайды.

Тьюторлар - әр оқушыға оқытудың жеке бағытын ұйымдастырады.

РО пен ШЖМ мұғалімдерінің біріккен жұмысының қорытындысы, нәтижесі, олқы тұстарын болдырмаудағы міндеттемелері педагогикалық кеңесте қаралады.

РО-ғы кіші әдістемелік кеңес - магниттік мектептерге төмендегі әдістемелік-тәжірибелік көмек жұмыстарын жүзеге асырып келді:

Ресурстық орталықтағы әдістемелік жұмыстар

Пән бірлестігінде	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ресурстық мектеп құрамына кіретін мектептердің оқу-тәрбие жұмысына талдау жасау.</li> <li>- пән мұғалімдерінің үздіксіз білімдерін жетілдіруді жүзеге асыруда оқу-әдістемелік тәжірибе алмасу семинарын ұйымдастыру.</li> <li>- магниттік мектептерде білім сапасын арттыруда пәндердің сапалы берілуіне басшылық жасау.</li> <li>- магниттік мектептеріндегі оқу-тәрбие процесін жақсартуда әдістемелік күндер ұйымдастыру.</li> <li>- ММ үшін әдістемелік күн өткізу.</li> </ul>	Кіші әдістемелік кеңес
-------------------	---	------------------------

1	Магниттік мектеп мұғалімдерінің сұранысын анықтау	Сауалнама
		Пікір алмасу
		Диагностика

Жоспарға сәйкес тоқсанда бір рет РО-та ШЖМ мұғалімдері үшін әдістемелік күн белгіленіп, өзекті мәселелерге байланысты түрлі тақырыпта оқу семинары, тренинг, дөңгелек үстел, семинар-практикум т.б. ұйымдастырылды. Онда оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында бейінді, сыныптарда пәндерді топтастыра отырып, сабақтар өткізіп, қорытындысы семинар-тренинг түрінде зерделеніп отырды. ШЖМ-тер базасында да әдістемелік жұмыстар ұйымдастыру- оқушы білімінің сапасын көтеруге, мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіруде өз жемісін беріп келеді.

ШЖМ- терде жүргізіліп жатқан жұмыс түрлеріне:

- оқушыларды ҰБТ, ОЖСБ дайындаудың тиімді әдістері;
- жас мамандарға оқытудың ақпараттық технологияларын тиімді қолдану;
- зертханалық, сарамандық жұмыстарды жүргізу;
- оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу.

РО пен ШЖМ базасында өткізілген әдістемелік жұмыс нәтижелері қорытындыланып, талқыланады, жылдық жұмыстың мониторингі жасалады.

Жан-жақты зерделеніп, ұйымдастырылған әдістемелік көмек жұмыстарының нәтижесінде РО-тың білім беру үдерісін жүргізуге қолайлы мүмкіндіктер қалыптасты. РО-ның дамуына 2020-2021 жылдарға арналған жоспары жасалды.

#### **Педагог-мамандармен жұмыс.**

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Ресурстық орталықтың жылдық жұмыс жоспарын құру	Тамыз	Директордың орынбасары Утебаева Ж.А	РО-тың оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіруді ұйымдастыру
2	Тірек мектебі ресурс орталығының оқу үдерісіне мектеп мұғалімдерін жұмылдыруды ұйымдастыру	Қыркүйек	Мектеп директоры Н. Т. Садуов	Жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық бағыттағы мұғалімдердің жұмысын ұйымдастыру

3	Тірек мектебінің (РО)жағдайында педагогикалық кадрларды іріктеу және шығармашылық топтың жұмысын ұйымдастыру.	Қыркүйек	Директордың орынбасары Утебаева Ж.А	Жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық бағыттағы мұғалімдердің жұмысын ұйымдастыру
4	9-11 сынып оқушылары жөнінде мәліметтер жинақтау Қараторғай, Сарыөзен, Қайыңды және Б. Майлин атындағы орта мектептері	Қазан	Директордың орынбасары Утебаева Ж.А	9-11 сынып оқушыларына жаратылыстану-математикалық бағытында кәсіби бағдар
5	ШЖМ оқушыларынан және мұғалімдерінен сауалнама алу	Қараша	Директордың орынбасары Утебаева Ж.А	ШЖ магниттік мектептерінің 9-11 сынып оқушыларының білім алу деңгейін анықтау
6	Ресурстық орталық жағдайында семинар және сессиялар ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп директоры Садуов Н. Т Директордың орынбасары Утебаева Ж.А	ШЖМ мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру үшін
7	Аралық сессияны ұйымдастыру және өткізу	Қаңтар	Мектеп директоры Садуов Н. Т Директордың орынбасары Утебаева Ж.А	ШЖ магниттік мектептерінің 9-11 сынып оқушыларының білім алу деңгейін анықтау
8	Ресурстық орталық жұмысының қорытындысы	Мамыр	Мектеп директоры	Жұмыстың нәтижелігін анықтау
9	Шағын жинақты магниттік мектептердің мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіру жоспарын жасауын жүзеге асыру	Үнемі	Директордың орынбасары Утебаева Ж.А	Пән мұғалімдері
10	Шағын жинақты магниттік мектептердің педагогтарының өзара тәжірибе алмасуына басшылық жасау	Үнемі	ӘБ жетекшілері	Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру
11	Қорытынды сессиясын ұйымдастыру және өткізу	Сәуір	Директордың орынбасары Утебаева Ж.А	ШЖ магниттік мектептің 10-11 сынып оқушыларының білім деңгейін анықтау

### Әдістемелік жұмыс

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Шағын жинақты магниттік мектептердің	Тамыз	Директордың ғылыми істер	Әдістемелік жұмысты жоспарлау

	жаратылыстану-математикалық бағытындағы жаңа оқу жылына әдістемелік кеңесін өткізу жұмысын жоспарлау.		жөніндегі орынбасары, ӘБ, шығармашылық тобының жетекшілері	
2	Шағын жинақты магниттік мектептердің кіру және шығу бақылау жұмыстарының материалдарын дайындау	Қыркүйек	ӘБ жетекшілері	Пән бойынша білім сапасын анықтау
3	Шағын жинақты магниттік мектептердің педагогикалық шығармашылық тобының жұмыс жоспары	Қыркүйек	Жетекшілер	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту
4	Шағын жинақты магниттік мектептердің мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіру жоспарын жасауын жүзеге асыру	Үнемі	ӘБ жетекшілері	Пән мұғалімдері
5	Шағын жинақты магниттік мектептердің педагогтарының өзара тәжірибе алмасуына басшылық жасау	Үнемі	ӘБ жетекшілері	Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру
6	ММ-дағы ашық есік күні	Жылына бір рет	Мектеп директорлары	Өзара тәжірибе алмасу
7	«Ең үздік ШЖМ» мектеп	Сәуір	Мектеп директорлары	Жұмыс жүйесін бағалау

### Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы психологиялық жұмыс

#### Оқушылармен жүргізілетін жұмыс

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1.	Оқушылардың жаңа жағдайларға үйренуі	Қыркүйек	Педагог-психолог	Мектеп өміріне бейімделуіне көмек
2.	Оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін зерттеу	Қыркүйек	Педагог-психолог	Интеллектуалдық қабілеттерінің дамуына көмек

3.	Оқушылардың қобалжу деңгейлерін анықтау	Қыркүйек	Педагог-психолог	Үрейлік сезімін бәсеңдетуге көмек
4	Бейімдеп оқыту бағытына оқушылардың бейімділігін анықтау	Қыркүйек	Педагог-психолог	Кәсіпке бағарлау
5	Оқушыларға кәсіби бағдар беру	Қыркүйек	Педагог-психолог	Кәсіпке бағарлау

### Мұғалімдермен жүргізілетін жұмыс

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Мінез-құлқында ауытқушылық белгілері бар балалармен жұмыс жөнінде кеңес беру	тоқсан сайын	Педагог-психолог	Тәртібінде қиындық балалармен тіл табыса алуына көмек
2	Психологиялық тренингтер	тоқсан сайын	Педагог-психолог	Өзара қарым-қатынас жасау мәдениеті

### Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Оқушылардың сыныптағы қарым-қатынасын анықтау	Қаңтар-Наурыз	Педагог-психолог	Әдістемелік, психологиялық көмек
2	ҰБТ-ге психологиялық дайындық	Қаңтар-Наурыз	Педагог-психолог	Қиындықты жеңе білуіне көмек
3	Отбасы тәрбиесі	Қаңтар-Наурыз	Педагог-психолог	Психологиялық көмек

### Мектептің оқу материалдық-техникалық базасын нығайту.

#### Ақпараттандыру және кітапхана қорын дамыту

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Тақырыптық көрмелерді безендіру	Тақырыбына қарай	Кітапханашы	Ақпараттық қамтамасыз ету
2	Кітапханалық сабақтар ұйымдастыру	Сессия барысында	Кітапханашы	Ақпараттық қамтамасыз ету

3	Кітапханалық қорды толықтыру	Үнемі	Мектеп әкімшілігі	Ақпараттық қамтамасыз ету
4	Оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету	Үнемі	Мектеп әкімшілігі	Ақпараттық қамтамасыз ету
5	Кітап қорын анықтау, есепке алу	Үнемі	Кітапханашы	Кітап қорын сақтау
6	Оқулық санын сақтау, толықтыру	Үнемі	Кітапханашы	Кітап қорын сақтау
7	Ақпарат материалдарымен таныстырып отыру	Үнемі	Кітапханашы	Ақпараттық қамтамасыз ету

### Әдістемелік кеңес

№	Мерзімі	Тақырыбы	Жауапты
1	Желтоқсан	<p>1. Тірек мектебі-ресурстық орталық қызметі туралы</p> <p>2. ТМ-РО педагогикалық және әдістемелік кеңестері туралы</p> <p>3. ТМ-РО оқу жоспарының ерекшелігі</p> <p>4. Магниттік мектеп оқушысының портфолиосы</p> <p>5. Аралық сессия өткізуді ұйымдастыру мәселелері</p> <p>6. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарларын бекіту</p>	<p>Мектеп директоры Н. Т. Садуов</p> <p>Утебаева Ж.А</p> <p>Бадаева М. С</p> <p>Жандаулет Л.У</p> <p>Утебаева Ж.А</p> <p>Бадаева М. С</p> <p>Утебаева Ж.А</p>
2	Сәуір	<p>1. Аралық сессия өткізу нәтижелері</p> <p>2. Магниттік мектеп оқушыларының математика, химия, биология, физика, география, тарих, қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінен бақылау жұмыстарының нәтижелері. Сессия аралық кезеңіне тапсырма беру.</p> <p>3. Қорытынды сессияны ұйымдастыру мәселелері</p> <p>4. ШЖМ оқушыларынан алынған сауалнама нәтижелері</p>	<p>Утебаева Ж.А</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>Мектеп директоры Н. Т. Садуов</p> <p>Утебаева Ж.А</p>
3	Мамыр	<p>1. Ресурстық орталықтың 2020-2020 оқу жылында атқарған қызметі туралы.</p> <p>2. 2021-2022 оқу жылындағы РО жұмысын жоспарлау</p>	<p>Мектеп директоры Н. Т. Садуов</p> <p>Утебаева Ж.А</p>
4	Тамыз	<p>1. «Ресурстық орталық жағдайында ШЖМ мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру мәселелері».</p> <p>2. Кіру сессиясын ұйымдастыру және өткізу</p>	<p>Бадаева М.С</p> <p>Утебаева Ж.А</p>

	мәселелері. 3.Оқу жұмыс жоспарын бекіту. 4.Күнтізбелік жоспарларды бекіту. 5.РО мұғалімдерінің тізімін бекіту.	Мектеп директоры Н. Т. Садуов Утебаева Ж.А
--	---	--

Оқу жылының басында магниттік мектеп оқушыларынан «кіру» тесті (математика, биология, география, физика, химия, тарих) алынды

№	ШЖМ	математика	биология	география	физика	химия	тарих
1	Қараторғай	35%	55%	60%	35%	45%	50%
2	Сарыөзен	40%	60%	45%	40%	50%	60%
3	Қайыңды	35%	65%	65%	41%	47%	58%
4	Б. Майлин	33%	66%	77%	33%	33%	77%

**Магниттік мектеп мұғалімдерінің біліктілік санаттары.**

№	Мектебі	2019-2020			
		жоғ	I	II	-
1	Қараторғай о/м	3	4	7	5
2	Сарыөзен о/м	4	6	10	9
3	Қайыңды о/м	3	5	6	9
4	Б.Майлин о/м	2	5	3	8

**ҰБТ көрсеткіші.**

№	Мектебі	2015/2016	2016/2017	2017/2018
<u>1</u>	РО № 4 мектеп	73,9	85,6	73,6
<b>ЖШМ</b>				

<u>1</u>	Қараторғай о/м	57,4	-	47
<u>2</u>	Сарыөзен о/м	68,5	68,5	83
<u>3</u>	Қайынды о/м	-	78,6	61
<u>4</u>	Б.Майлин о/м	70,3	83,6	74,6